

<sup>1</sup>Донбаева А.Б.,\* <sup>1</sup>Исабаева Г.Н. <sup>2</sup>Уабенда Михал  
<sup>1</sup>филолог.ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
<sup>1</sup>оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
<sup>2</sup>RND доктор, Европейский университет им. Ю.Тишнера.Краков. Польша  
**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ТІЛДЕГІ ПРАГМАТИЗМ:  
СЕНДІРУ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Автор корреспондент: [ainura\\_donbaeva@mail.ru](mailto:ainura_donbaeva@mail.ru)

**Түйін:** Рухани жаңғыру, яғни кез келген қоғамның, ұлт болмысының мәдени дамуы мемлекеттің рухани өміріндегі қоғамдық сана түрлерінің заман талабына сай жетілуі арқылы көрінеді. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарда елбасы Н.Ә.Назарбаевтың нарықтық экономикалық қатынастарды орнату мақсатында ел экономикасына шетелдік инвесторларды тарту ісін негізгі басымдық ретінде белгілегені аян. Қазіргі таңда Қазақстан экономикалық секторын шетелдік ірі кәсіпорындармен іскерлік қатынаста болуы – осы тарихи бетбұрыстардың нәтижесі. Бұл сайып келгенде, қоғамның барлық салаларына, соның ішінде тіл біліміне де белгілі бір жаңалық, өзгерістер әкеліп, жаңа міндеттерді межелегендей. Соның бірі – зерттеу нысаны болып отырған іскерлік сөйлеу тілі болып табылады. Іскерлік сөйлеу тілінің табиғаты күрделі құрылым болғандықтан оны бір ғана тілдік шеңберде жан-жақты зерттеу мүмкін емес. Сондықтан оның тілдік және экстралингвистикалық факторлары прагмалингвистикалық ізденісті талап етеді.

**Кілттік сөздер:** рухани жаңғыру, прагматизм, тіл, сендіру категориясы, прагматикалық қызмет, мән, когнитивтік қызмет

**Кіріспе.** Қазіргі таңда лингвистика саласында тілдің ықпал етуін зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның себебі көпшілік ақпарат құралдарының және байланыс қатынастарының шығуы және дамуы (пресса, радио, теледидар, интернет); адам санасына әсер ететін үгіт-насихат құралдары және жарнамалардың тез қарқында өсуі; адамдардың қоғамда көзқарасын туғызу үшін идеологиялық күрестің үдере түсуі; қоғам мәдениеттіліктің тіл арқылы қалыптасуы; білім алудың кеңеюі.

Адамдар тілдің көмегімен тек қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, тыңдаушыны қандай-да бір іс-әрекет жасауға итеретін тілдік құралдарды пайдалана отырып өзінің көздеген мақсатына жетуге тырысады. Сондықтан тілдің прагматикалық аспектісін зерттеу ықпал етуші тіл бірліктерін тілдің әр түрлі деңгейде анықталуын қажет етеді. С.Л.Рубенштейн: «Тіл – сөйлеу, қарым-қатынас қызметін атқара тұра, ықпал етуші қызметті де атқарады. Адам тіл арқылы тыңдаушының санасына, сезіміне ықпал етеді» деп жазады [2].

Прагматика саласының негізін қалаушылардың бірі Ч.Моррис тілдің таңбалық сипатын зерттей келе, семиотиканы семантика, синтактика және прагматика салаларына бөліп, семантика таңбалардың объективті шындығын сипаттайтынын, синтактика таңбалардың құрылымдық сипатын көрсететінін, ал прагматика таңбалар мен оларды қолданушылардың арасындағы байланысын зерттеумен айналысатынын анықтап берді [3].

**Теориялық бөлім.** Тілдің прагматикалық қызметін зерттеген Ч.Моррис, Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс және ресейлік В.В.Виноградов, Ю.С.Степанов, Г.В.Колшанский, А.А.Леонтьев, Е.Ф.Тарасов, Л.А.Киселева, Н.Д.Арутюновалардың ғылыми тұжырымдарының тіл білімі саласында алатын үлесі зор.

Қазақ тіл білімінде тілдің прагматикалық қызметінің жекелеген мәселелері, атап айтқанда, көркем әдеби жанрында, баспасөз тілінде прагматикалық қызметін атқарудағы тілдік құралдар талданған. Осы мәселеге қатысты бірқатар ғалымдардың Р.Сыздық, Б.Шалабай, О.Бүркітов, Ф.Жақсыбаева,Ғ.Солтанбековалардың құнды еңбектері бар.

О.Бүркітов: «Көпшілік ақпарат, газет-журналдар беттеріндегі сөздер әлеуметтік-бағалылық сипатта келіп, прагматикалық қызметті атқарады» [4] деп жазса, Ф.Жақсыбаева: «Әсер ету, үгіттеу, сендіру – газеттік-публицистикалық стильдің ең басты міндеті» деп көрсетеді [5].

Прагматика саласында көптеген еңбектер жазған Г.В.Колшанский тілдің коммуникативтік аспектісін қарым-қатынас кезінде коммуниканттардың бір-біріне ықпал жасайтын прагматикасы деп көрсетеді. Оның пікірінше, прагматиканың қызметі ең ақырғы мақсатқа жету үшін адамның мінез-құлқына ықпал ету. Г.В.Колшанский прагматиканың мән-мағынасы өз алдына белгіленген

күрделі категорияны білдіреді және бұл категория адамның мінез-құлқына әсер етіп, субъективті баға арқылы объективті шындықты көрсетеді деп пікірін қорытады[6].

Ал Л.А.Киселева тіл қарым-қатынас кезінде негізгі екі мақсатта қолданылады деп тұжырымдайды: (а) хабарлама, ақпарат береді және (б) адам психикасына және іс-қимылына ықпал етеді. Оның пікірінше, ықпал ету *сендіру, иландыру, бұйрық беру* секілді әр түрлі сипатта келеді[7].

Әйтсе де, тілдің прагматикалық қызметі тек ықпал етумен ғана шектелмей, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында байланыс орнатуға, сол қарым-қатынастың нәтижесінде көздеген мақсатын жүзеге асыратынын айту қажет. Яғни сендіру коммуниканттардың когнитивтік аспектілерін, атап айтқанда, коммуниканттардың қарым-қатынас барысында өзара байланысын, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, сөйлеу стратегиясын, сөйлеушінің ниетін т.б. қамтиды.

Прагматика саласында көптеген зерттеулер жүргізген П.Грайс прагматиканың қызметін зерттей отырып, зерттеу нысанына сөздің айтылуын жатқызады, және оны *прагматикалық мән* деп атайды. Бұл мәнді ол «сөйлеушінің мәні» деп те атауды ұсынып, оны сөйлеушінің тыңдаушыға ықпал ету ниеті деп түсіндіреді. Бұл мән бойынша сөйлеуші тыңдаушыға ниетін білдіріп қана қоймай, оны тыңдаушыларға мойындатуға әсер етеді. Ол сөзін қорыта келе, қарым-қатынас кезінде сөйлеуші сөйлеу әрекетін белгілі бір мақсатпен, ниетпен айтады деп тұжырымдайды [8].

Н.Д.Арутюнова да бұл пікірге қосыла отырып, сөйлеу жағдаяты, сөйлеушінің байланысын көрсететін субъективтілік ұғымын, яғни прагматикалық мәнді енгізетінін айтады [9].

Карл Бюлердің психологиялық тұжырымы бойынша тілдің қызметі үш топқа бөлінеді: сөздер арқылы ойын білдіру; ынталандыру; адамның сезімін, ішкі эмоциясын білдіру[10].

К.Бюлердің бұл жіктемесін әрі қарай Р.Якобсон зерттеп, толықтырды. Ол «код» және «қарым-қатынас орналастыру» ұғымдарын енгізді. Оның пікірінше, «код» тілдің жүзеге асуына үлес қосатын семиотикалық жүйе болып есептеледі, ал «қарым-қатынас орналастыру» сөйлеу барысында сөйлеуші мен тыңдаушы арасында қарым-қатынас жасаудың негізгі элементі болып саналады [11].

Р.Якобсон тілдің қарым-қатынас барысында тыңдаушыға берілетін ықпалын зерттей келе, оны төмендегі топтамаларға жіктеді:

- тілдің эмотивті қызметі;
- тілдің сөйлеуші мен адресат арасында қарым-қатынас орнатуға көзделген қызметі;
- тілдің риторикалық қызметі;
- тілдің металингвистік қызметі;
- тілдің когнитивтік қызметі;
- тілдің эстетикалық қызметі.

Осы берілген топтамадағы тілдің алуан түрлі қызметі сендіру категориясымен ұштасып жатыр. Енді осы топтамаға толығырақ сипаттама берелік.

Тілдің эмотивті қызметі алуан түрлі стильдік тәсілдердің көмегімен сөйлеушінің ішкі сезімін, қоршаған ортаға, адамдарға деген қарым-қатынасын және эмоциясын білдіреді. Тілдің сөйлеуші мен адресат арасында қарым-қатынас орнатуға көзделген қызметі амандасу, қоштасу немесе бірігіп уақыт өткізу секілді сөйлеу актілерінің қолданысымен сипатталады. Тілдің бұл қызметі тілдің контекстіне негізделмей керісінше бағалаушы сөздер арқылы тыңдаушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуды көздейді. *Тілдің* риторикалық қызметінің ең басты мақсаты адресатқа ықпал ету ерекшелігімен сипатталады. Ықпал ету әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдардың қолданысымен жүзеге асады. Тілдің металингвистік қызметі тілді қалай әрі неге қолдану керек деген сауалдарға жауап береді. Сөзталас, ойбөліс, пікірталас секілді сайыстарға қатысушылар бірін-бірі сынау немесе жеңу мақсатында тілдің осы қызметін басшылыққа алады. Тілдің когнитивтік қызметі адамның дүниетанымымен, танымдық процесімен, дүниенің тілдік көрінісімен және жалпы концептілерімен сипатталады. Тілдің эстетикалық қызметі мәтіннің дұрыс логикалық құрылымын, ақпаратты немесе хабарламаны көріктеп, әдемі айтуын және этикалық нормасын сақтауды қамтамасыз етеді. Тілдің осы қызметтерін сайып келгенде басты мақсаты – прагматикалық қызметпен сипатталатындығында.

Тіл мен сөйлеу тілінің прагматикалық аспектілерінің өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, соңғысы сөйлеу актісі теориясы шеңберінде қарастырылады. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас қалыптасады, қарым-қатынастың нәтижесінде адамдар бір-біріне ықпал етіп, әрекетке итереді. Ғалымдар тіл мен сөйлеу тілінің ара-қатынасын зерттеп, оларды ажыратып көрсетуге тырысты. Ф.де Соссюр тіл мен сөйлеу тіліне тән берілетін анықтаманы прагматикалық аспект мынадай қарама-қайшылықтармен сипаттайтынын жазады: тілге әлеуметтік сипат тән, ал сөйлеу тілі жеке

адамның қолданысымен сипатталады; тіл қарым-қатынас құралы болса, сөйлеу қарым-қатынастың процесі болып табылады; тіл таңбалық жүйеден тұрса, сөйлеу тілі ақпарат береді [12].

Сөйлеу тілі оның ең төменгі бірлігі сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. Шетел және орыс тіл білімінде сөйлеу актісі теориясы кең ауқымда зерттелуде. Бұған қатысты мәселелер Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс, А.В. Вежбицка, Г.О.Почепцов, Ю.Д.Апресян және қазақстандық З.Ш.Ерназарова, И.Нұрғожина, З.Х.Ибдальдинова секілді ғалымдардың зерттеулерінде сөйлеу тіліне тән кейбір ерекшеліктер прагмалингвистика тұрғысынан қарастырылған.

**Практикалық бөлім.** Сөйлеу актісі теориясының негізін салушылардың бірі Дж.Остин сөйлеу актілерін перформатив етістіктерінің негізінде құрылған ықпал етуші күш тұрғысынан таныды. Перформатив етістіктерінің негізінде Дж.Остин сөйлеу актісінің бес түрін көрсетеді: 1.вердиктер; 2.экзерсивтер; 3.комиссивтер; 4.бехавитивтер; 5.экспозитивтер. Алайда, Дж.Остиннің өзі бұл жіктеменің аяқталмағанын, әлі де аяғына дейін ойластырмағанын мойындайды[13].

Дж.Остиннің бұл идеясын әрі қарай Дж.Серль дамытып, сөйлеу актісін үш деңгейлі акт ретінде қарастырады: иллокутивті (сөйлеудің мақсаты – illocutionary), локутивті (сөйлеу әрекеті – locutio) және перлокутивті (адресатқа ықпал етуші – perlocution). Оның пікірінше, иллокутивті акт сөйлеу актісінің маңызды бөлігі, өйткені сөйлеу актісі сөйлеушінің тыңдаушыға тілегін, мақсатын жеткізеді, яғни ол ықпал етуші күшке айналады және ықпал ету сөйлеуші мақсатымен тығыз байланыста келеді. Осылай дей келе ол Дж.Остиннің жоғарыда берілген жіктемесін сынап, өз жүйесін ұсынады. Бұл жүйеде «В качестве основания для классификации я предлагаю избрать иллокутивную цель и вытекающую отсюда условия искренности» дей келе, сөйлеу актісінің бес түрін атап өтеді[13].

Олар: 1.репрезентативтер; 2.директивтер; 3.комиссивтер; 4.экспрессивтер; 5.декларативтер. Бұл жіктемеде Дж.Серль ықпал етуші актілерінің арасындағы айырмашылықтарды көрсететін белгілер мен перформатив етістіктерін басшылыққа алады.

Г.О.Почепцов сөйлеу актісінің ықпал етуші күші мен сөйлеушінің мақсатын ескере отырып, сөйлеу актісінің бес түрін ұсынады: 1. констатив; 2. промиссив пен менасив; 3. перфоматив; 4. директив; 5. квеситив [14].

Осы көрсетілген сөйлеу актілері негізінде *нақтылау, бұйыру, қарсылық білдіру, талап ету, өтіну, болжау, уәде беру, жауап беру* секілді әрекеттер жатыр. Кейбір ғалымдар, мысалы А.Вежбицка, Ю.Д.Апресян сөйлеу актісі түрін анықтауда перформатив етістіктерді басшылыққа ала отырып жіктейді. А.Вежбицканың пікірі бойынша, перформатив етістіктері сөйлеу актісінің түрін анықтайды. Ол сөйлеу актісінің бірнеше түрін атап, олардың арақатынасы мен айырмашылықтарын қарастырады [15]. Ал Ю.Д.Апресян перформативтердің негізінде сөйлеу актісінің 15 түрін анықтады: 1. нақтылау; 2. мойындау; 3. уәде беру; 4. өтініш; 5. кеңес беру немесе ұсыну; 6. өтіну немесе кеңес беру; 7. талап ету; 8. рұқсат беру немесе ұсыну; 9. келісу немесе қарсылық білдіру; 10. мақұлдау; 11. анықтау; 12. кешіру; 13. сөйлеу дәстүрлері; 14. бас тарту; 15. тағайындау және атау [16].

Жоғарыда шолу жасалған жіктемелер саны жағынан әркелкі болғанымен аса бір алшақтық немесе кереғар пікірлер байқалмайды. Сондықтан да оларды бірін-бірі толықтырады деп анықтауға әбден болады. Дж.Остин, Дж.Серль, З.Вендлер тұжырымдамалары бойынша сөйлеу актілерінің барлығы дерлік адресатқа бағытталмайды, олардың ішінде тек кейбіреулері ғана адресатқа тура бағытталуымен ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктерге императивтер, директивтер және сұрақтарды жатқызады. Сөйлеу актілерінің бұл түрлері адресатқа қандай-да бір іс-әрекетті жасауға ықпал етеді. Бұл ғалымдар мәтіннің семантикалық құрылымын зерттеп, ықпал ету мүмкіншілігі сөйлеу актілерінің мына түрлерімен жүзеге асатынын анықтап берді: арнау; аппелятивті; қарым-қатынас орнату; қарым-қатынасты реттеуші [13].

Сөйлеудің аппелятивті түрі бұйрықты, шартты сөйлемдердің қолданысымен беріледі. Қарым-қатынас орнату, атап айтқанда, амандасу, қоштасу, бірігіп уақыт өткізу сияқты сөйлеу дәстүрі арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынастың реттеуші қызметі сөйлемдердің бір-бірімен логикалық байланыста болуымен, жүйелілігімен ерекшеленеді. Бұл көзқарастарды сайып келгенде сөйлеу актілері жоғарыда көрсетілген тілдің қызметінен туындайды деп тұжырымдауға болады.

Сендіру сөйлеу актілері арқылы адресант пен адресаттың арасындағы қарым-қатынасты, адресанттың көздеген ниетін, мақсатын айқындаумен ерекшеленеді. О.Я.Гойхман мен Т.М.Надеинаның пікіріне сүйенсек, былай деп көрсетеді: «При речевом воздействии на различные социальные группы населения следует также выбирать соответствующие речевые тактики, имея в виду при этом, что ни одна из тех или иных тактик не является универсальной и эффективной на все случаи жизни» [17].

Сендіру тура немесе жанама сөйлеу актілері түрлерімен де беріледі. Ойды астарлап, тұспалдап жеткізу жиі кездесетін сөйлем түрі импликатура арқылы жүзеге асады. ИмPLICITті сөйлем сыпайылық ережесімен де байланысты. Жанама сөйлеу актілері тыңдаушыны қиын, ыңғайсыз жағдайда қалдырмайды, керісінше өтініш немесе ұсыныс білдіру арқылы іс-әрекетке итереді. Өтінішті орындау немесе орындамау, ұсынысты қабылдау немесе қабылдамау адресаттың факторына (жас шамасы, білім деңгейі, әлеуметтік ортасы т.б.), психикалық жағдайына (ерік-жігері, мінез-құлқы, көңіл-күйі) байланысты. Бұл жерде ырғақ, интонация секілді фонетикалық құбылыстар маңызды қызмет атқарады. Мысалы, Сен өтінішімді тездетші. *Оны көре жатармыз.* Байқап көрелік. Ағылшын тілінде жанама сөйлеу сұрақ ретінде жеткізілетіндігі байқалады: *Why don't you try to have this new device for your PC?* Мұндай сұрақтарды екі түрлі мағынада түсінуге болады, бір жағынан өзінің тура мағынасында, екінші жағынан өтініш ретінде. Сөйлеуші сұрақ қою арқылы өтініш білдіріп, тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итереді. Мұнымен қоса, сұрақтар «жауап талап етпейтін» тыңдаушыларға ұсыныс ретінде немесе ой-бөлісуге, шешім қабылдауға ықпал жасауы мүмкін: Жұмыс ойдағыдай болады, егер сен келе алсаң?, *Will every prospect learn of our products and their value?* Дж.Серльдің пікірінше: «проблема косвенных речевых актов заключается в выяснении того, каким образом говорящий может с помощью некоторого высказывания выражать не только, что оно непосредственно означает, но и нечто иное» [13].

**Қорытынды.** Коммуниканттардың қарым-қатынасын кешенді түрде зерттеп, оның сәтті жүзеге асуы П.Грайстың ұсынған «ынтымақтастық қағидасына» байланысты. Оның тұжырымы бойынша коммунниканттардың ынтымақтастығы мына ұсыныстарды орындағанда жүзеге асады: белгілі хабарды айту; тек қана шындықты айту; тақырыптан ауытқымау; анық сөйлеу; сыпайы болу [8]. Ғалымдар тілдің ықпал етуін екі мағынада ұсынады: кең және тар көлемде [18]. Тілдің ықпал етуінің кең мағынада қолданылуы белгілі бір мақсатты көздеген, коммуниканттардың бірі ықпал етуші субъект, ал екіншісі ықпалға көнуші объект болып табылатын кез келген сөйлеу қатынасынан көрінеді. Тілдің ықпал ету барысында субъект объектінің іс-қимылын реттейді, сөз арқылы оған бір нәрсені бастауға, өзгертуге, аяқтауға немесе іс-қимылды жасатуға ықпал жасайды. Тілдің ықпал етуінің тар мағынадағы қолданысы адамның санасына ықпал ететін ақпарат құралынан немесе үгіт-насихат тарататын тілдік қарым-қатынастан көрінеді.

Л.Т.Лузина тілдің ықпал ету қызметін зерттеп, тілдің ықпал етуі тек сөзді қолданумен ғана байланыста болмай, сонымен бірге, тілдің қарым-қатынас кезінде прагматикалық аспектісімен де байланыста болады екен деп ойын білдіреді [19]. Бұл берілген пікірден тілдің ықпал етуі субъектінің қарым-қатынасты ұйымдастыру, іс-қимылды ынталандыру белсенділігі және оның объектіге ықпал ету процесі деп түсінуге болады. Ал сөйлеушінің тыңдаушымен қарым-қатынасты орнатуы, ең алдымен, психологиялық жағдайларды ескерумен сипатталады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- Интернет-ресурс:  
1 Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Астана, 12 сәуір, 2017 ж.  
<https://www.akorda.kz/ru>
- Кітап (монография, жинақ):  
2 Рубенштейн С.Л. Проблемы общей психологии. М.: Изд-во «Наука», 1976.- 416 с.  
3 Semiotics and pragmatics: An evaluative comparison of conceptual frameworks. Philadelphia: John Benjamin Publishing Company, 2001. 138 p.  
4 Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. Дисс. канд. пед. наук. Алматы, 1996.  
5 Жақсыбаева Ф.З. Қазіргі қазақ газет тіліндегі бағалауыш сөздер // Қазіргі әдеби қазақ тілі: бүгінгі мен болашағы.-Алматы, 1998.92б.  
6 Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. М.: Изд-во «Высшая школа», 1984. 178 с.  
7 Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. Л.: Изд-во ЛГУ, 1978. 160 с.  
8 Grice H.P. Utterer's meaning and intentions // The Philosophical review, 2002. V.78 (2). P.48-59.  
9 Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Изв. АН СССР. Сер. лит-ры и языка. 1981. Т.40. №4. С. 356-367.  
10 Звегинцева В.А. Бюлер К. Теория языка // История языкознания в 19-20 вв в очерках и извлечениях в 2 ч. М.: 1965. Ч.2. С.22-37.  
11 Jacobson R. Linguistics and Poetics // Style in Language. Massachusetts: Cambridge University Press, 1999. 350 p.

- 12 Фердинанд де Соссюр. Труды по языкознанию. М., 1977. 695 с.
- 13 Новое в зарубежной лингвистике. Т. 17. М.: Изд-во «Прогресс», 1986. 500 с.
- 14 Почепцов О.Г. Коммуникативные аспекты семантики. Киев, 1987. 210 с.
- 15 Вежбицка А. Речевые акты//Новое в зарубежной лингвистике. Т.16. М.: Изд-во «Прогресс», 1985. 500 с.
- 16 Апресян Ю.Д. Перформативы в грамматике и словаре // Известия АН СССР. Т.45. №3.
- 17 Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Основы речевой коммуникации.- М.: Изд-во «Инфра», 1997. 272 с.
- 18 Оптимизация речевого воздействия/ Под.ред. Н.А.Безменова, В.П.Белянина, Н.Н.Богомолова и др. М.: Изд-во «Наука», 1990. 235 с.
- 19 Лузина Л.П. Язык как средство идеологического воздействия: лингвопрагматический аспект. М., 1983.217 с.

**Аннотация:** Духовное возрождение, т.е. культурное развитие любого общества, национального самосознания, выражается в современном совершенствовании форм общественного сознания в духовной жизни государства. В первые годы независимости нашей страны Елбасы Н.А.Назарбаев определил основным приоритетом привлечение иностранных инвесторов в экономику страны с целью установления рыночных экономических отношений. В настоящее время деловые отношения казахстанского экономического сектора с крупнейшими зарубежными предприятиями – результат этих исторических переломов. Это, в конечном счете, приносит определенные открытия, Изменения и ставит новые задачи во все сферы общества, в том числе и в лингвистику. Одним из них является деловая речь, которая является объектом исследования. Поскольку природа деловой речи представляет собой сложную структуру, ее невозможно всесторонне изучить только в одном языковом круге. Поэтому его языковые и экстралингвистические факторы требуют прагма лингвистического исследование.

**Ключевые слова:** духовная модернизация, прагматизм, язык, категория убеждения, прагматическая деятельность, сущность, когнитивная деятельность

**Abstract:** Spiritual revival, i.e. the cultural development of any society, national identity, is expressed in the modern improvement of the forms of social consciousness in the spiritual life of the state. In the first years of independence of our country, Elbasy N.A.Nazarbayev identified the main priority of attracting foreign investors to the country's economy in order to establish market economic relations. Currently, the business relations of the Kazakh economic sector with the largest foreign enterprises are the result of these historical changes. This ultimately brings certain discoveries, changes, and challenges to all areas of society, including linguistics. One of them is business speech, which is the object of research. Since the nature of business speech is a complex structure, it is impossible to study it comprehensively in just one language circle. Therefore, its linguistic and extralinguistic factors require a pragmalinguistic study.

**Keywords:** spiritual modernization, pragmatism, language, category of belief, pragmatic activity, essence, cognitive activity.